



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ БАТА

Кисманова Э.А.

kismanova@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, 4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Ибадуллаева З.Ө.

Қазақ халқында баяғы кезден келе жатқан бата сұрау, беру, тілеу рәсімінің ерекше тәрбиелік мәні бар, мән – мағынасы қасиетті ұлттық рухани қазынасының мәйегі мол. Бұл сөзіді араб тілінен аударғанда « фатаа» - яғни, қайырма немесе қайыру деген мағынаны білдіреді [1, 111 б]. Аталған сөзін, шығуын зерттеп үлес қосқан ғалымдар В .В.Радлов, А. В.Васильев, Ә.Диваев түріктанушы ғалымдар бата сөзін зерттеп, ғылыми тұжырымдамалар жасаған. Қазақтың С.Негимов, А.Тұрлыбаева, К. Ж.Оразалин, Н. Уәлиев, М. Есламғалиұлы және басқада ғалымдардың қатысуымен батаға қатысты еңбектер жарық көрді [1, 112 б].

Дәстүрлі қазақ мәдениетіне келер болсақ, баяғыдан келе жатқан ұғымдардың бірі – «бата» сөзі қазіргі таңда тек алғыса айту, тілек білдіру аясында ғана қолданылады. Бірақта, алғыс айту мен қарғыс айтуды кез-келген адам айта алады, ал батаны тек арнайы батагөй қариялар – ақсақалдар ғана айтып отырады. Батаның қасиеттерін көрсету үшін батаның қоғамды тәрбиелеуде, нұсқау берудегі ұқсас жақтары бар. Бата: ақ тілек, шын ниет,ырыс – несібе, бастың аман-саулығын тілеп, Құдайдан жалбарыну түрінде айтылады. Оны берген жерде дәм-тұздың болуы міндетті[2, 429 б.]. Ата – бабаларымыз жиналған халыққа да, жеке адамға да беретін болған. Халық алдында батаны көбінесе елге құрметті, жасы үлкен қария көпшіліктің атынан үй иесіне және барлық сондағы қауымға арнап қолын жайып берген.

«Батамен ер көгерер» (мақал). Ізгі ниетпен шын пейілдің белгісі – бата. Ол кез келген жерде айтыла бермейді. Қазақ халқының қастерлейтін баталарының бірі «ақ бата», оны әр жерде айтып жүреді, бағалайды, қастерлейді. Батаның бірнеше түрлері бар. Қошқарұлы Жәнібек жас өспірім кезінде Қаракерей Соқыр Абыздан бата сұрап барады, ол кісінің батасы: *Бедеуің белдеуіңде байлаулы болсын, Қазақтың ошағы қайнаулы болсын. Есігің ашық болсын,*

Қабағың жазық болсын. [1, 64 б.], - деп батасын берген осы тұста Соқыр абыз Қаракерейге көңіліңнің ашық болуын, адамды сыйлап – құрметтеу басты қағидалардың бірі екенін анық түрде айтып көрсетіп отыр.

Батаның негізгі айтылатын түрлері:

1. Бүлдіршінге
2. Асқа
3. Ұлға
4. Қызға
5. Келінге
6. Сапарға аттанарда берілетін
7. Жастарға арналған
8. Сүндет той
9. Наурыз
10. Жарапазан жыры
11. Ас қайыру т.б.

М.Ж.Көпеев өз зерттеулерінде бата туралы «бата беру қазақ халқының ежелден қалыптасқан көне салтының бірі, батаны жоғары мәртебелі, басына ақ түскен ақсақал ғана беретін».

Бата, алғыс беру белгілі бір бағыт бағдар кезінде айтылып тұрады. Нақты түрлерін тарауламас бұрын қазақтың оған деген көзқарасын қарастып өтсек. Оның тамыры терең мағынада, наным – сенімі мықты, жолы үлкен ақсақалдардың қол жайып бата берген батасына иланып, сөздің магиялық қасиеті барына толықтай сеніп отырған. Соңғы жылдары басылым көріп, жарыққа шыққан әдеби кітаптар (1998 жылы Б. Төлегеновтың «Ақ бата», 1996 жылы М. Аяпұлының « Бата бере білесіз бе?») және тағы басқа еңбектер арықылы бата сөзінің әлі күнге дейін ғалымдар арасында қызығушылық танытып тұр [1, 59 б]. Ғылыми қызығушылық танытудың басты себебі, батаның арасында қазақ тіліне қатысты астарлы мағынасы бар сөздер қолданылып, мифологиялық байлынысы бар. Мысал ретінде жолға аттанған адамға Қыдыр ата жолдасың болсын деп сапарға жібереміз. Қыдыр ата деп – бақ - береке, байлық, бірлік және жолға шыққан адамға тура жолды сілтеуші кісі ретінде бейнеленеді. Р.М. Мустафина пікірі бойынша «Қызыр атаға деген қарзақтарда сенім мықты. Ол болған жерде егінде молшылық, малдар төлдейді, берекенің сымовлы ретінде қараған. Қыдыр атаны түсінде көріп, оның ақ батасы мен бірге қолын алған адамға – жақсылық серігі болып, жамандық жуытпайды» деп сенген [3,70 б]. Әрине бұл мәселе ислам дініне қарама – қайшы, яғни ырыстың барлығы Қыдыр атаден емес Алладан.

Аңыз болсада қазақ елі Қыдыр атаны көріп қол алып, бата сұраса. Ол өмір бойы молшылыққа кеңеліп, басына бақ орнайды деп сенген. Міне сол себепті де «Қыдыр ата қолдасын, Қыдыр ата жолдасың болсын» деген мағыналы сөздермен шығарып салып отырған. «Қыдыр жолдасымыз болсын, қолдасын» деп әр істі бастағанда тілек немесе бата болсын, осындай жақсы сөздермен мағынасын келтіріп, істің оң болып аяқталуына тілектес болған [2,59].

Оның айтылу аясында оның мағынасына көп мән берген. Яғни, жиналған қауым үлкен, кішісіне қарамай қолдарын аспанға көретіп тілек тілеген және батаның айтылып жатырған әрбір сөзіне ерекеше мән беріп тыңдаған. Осы аяда жаңадан қалыптасып келе жатырған жастарға рухани тәрбие береді. Бата көркем әдебиетпен ұштасып жатады. Сол үшін батаның мәтініне ғана мән бермей, оның айтылу нақышына да, дауыс мәнеріне мән береді [2,60 б].

Ата-бабаларымыздың бата беру жүйесі әлі терең қарастырылмады. Бірақ бірқатар тіл мамандары: «Бата – арабтың «фатеке» деген сөзінің қазақша айтылу түрі», – дейді. Яғни, фатекенің мағынасы: алғыс айту, ақ ниет, ақ тілек білдіріп, аман – саулықты тілейді. Ақ бата – ұлтымыз үшін теңдесі жоқ асыл сөз» [4, 69 б]. Ал сөз – бүкіл адамзаттың қасиетті күш. Өзінің адал жаны, дүние рухы, өткен тарихы сөзге ерекше байланысты қазақ халқы ақ батаның ізгі сөздеріне жүрекпен сеніп, оның күшіне шексіз иланады.

Шу, Сыр, қазіргі Ақтау жерінде жергілікті тұрғындардан айтылатын сөзі – бәте, пәте деп те айтылады. Осылай айтудың астарлы мағынасының себебі Құранның бірінші сүресі « Фатихадан» алынғанының дәлел болып отыр.

«Бата» бұл жәй тілектер мен айта салатын сөздер емес. Бұл астарлы мағынада жатқан кең, әрі рухани мағынасы бар. Оны беру көпшілік жиындарда орындалады [2, 155 б]. Шаңырақ көтеріп, жеке үй-жай болғандарға да беріледі. Қазақтар өздерінің балаларына атақты кісілерден, құрметті қонақтардан бата алып қалуға тырысқан. Ислам дінінің таралуына байланысты бұл дәстүр бұрынғысынан да күшейе түсті. Қайтыс болған адамның үй-іші мен туған-туыстарына көңіл айту кезінде де бата беріледі, марқұмның өзіне де, артында қалған үрім-бұтағына да ізгі тілектер білдіріледі.

Фольклорист - этнограф ғалымы А.В. Васильев өзінің 1905 жылы Орынборда жазған «Образцы киргизской народной словестности, молитвенных благожеланий – бата сөз» деген мақаласында: «Кімде-кім қазақ даласында болса ол батаның халықтың қандай ерекше назарында болатынын жақсы біледі» [3, 65 б].

Бата беру ақсақалға, қарияға, жасы, жолы үлкен адамға, ақындарға, құдайы келген қонақ беруі міндетті. Жасы үлкен ақсақал қонақтың арасында болмаса, әйел адамдарға емес сол жерде

отырған ер бала батаны береді. Көзі тірі адамдарға беріліп қана шектеліп қоймайды, өмірден кеткен адамдарға да беріледі.

Қазақ халқында басқа елдермен бірге бата беру дәстүрін салыстырсақ. Қазақтар секілді саха елдерінде қонаққа келген кісі өз риза болған адамға өз батасын беріп, ризығын білдірген. Саха халықтарында той жиындарда, қуаныштарда әруақ – рухтарға табынған. Содан кейін оларға қол созып жалынып жабарыну және тілек тілейді, бұр рәсімді аяқтап болған соң рух иелері үшін арнайы қымыз төгеді. Осындай рәсім бізде қалыптаспаған. Алайда исламға көшпей тұрып алғыс сөзін батаның орнына айырбастап отырған, кейін ғана бата беру дәстүрге айналып отырды. Қазіргі таңда да кей жерлерде бата мен алғыстың бірге айтылып жүргенін байқаймыз. Мәселен, ризашылығын білдіріп алғыс айтылса, отырған қауымға бата сұралады. [4,60] Дәл осы секілді бата беруші ризашылығын білдіріп, алғысын айтады. Тілек пен батаның қалай және кім айтып жатырғанын тындап қарасақ олардың мағынасы да, айтылу нақышы да екі түрлі. Бата көбінесе үлкен істі қолға алған кезде, жастарға үлгі ретінде беріледі. Батаның да айтылу түрлері нақышы бөлек. Көп түрлері де кездеседі тамақ алдында, тамақтан соң немесе сапарға кететін адамдарға беріледі. Астан кейінге бата беру ол Құранның аяттарымен басталады, яғни Алладан жалбарыну арқылы сұрап, алақандарын жаяды.

Батаның тағы бір кездесетін түрі ол алғыс айтқанда. Алғыс - қазіргі тілмен айтқанда рахмет айту, ықыласын, ізгі ниетін білдіру. Қазақ халқында көп алғыс алған адам осы өмірдегі ең бақытты жан деген түсінік қалыптасқан. Ол сөзбен, іс – әрекетпен немесе жақсы қарым – қатынаста болуы. Дана бабаларымыз, ата – әжелеріміз артындағы ұрпақтарына насихат ретінде жақсы тілек тілеп, қол жайғызып бата беріп жастарға насихат жасаған. Бата және алғыс – ертеден қалыптасып келген дәстүр, адамға жақсылық тілеп ризашылығын бата мен алғыс арқылы жеткізіп отырған. Уақыт өте келе батаның орнына жастардың тілек айтуы, батаның орнына қолданысқа ие болған және әлі күнге дейін қалыптасып келе жатыр.

Біздің жүргізген зерттеулеріміз бойынша, қазіргі заманда айтылатын бата түрлері екіге бөліп қарастырдық. Біріншісі – заманауи яғни, заманның ағымына сай өзгеріп отыру. Екіншісі – ол ата – бабадан келе жатырған бата сөздері, Жаратқан иеге тағызым етіп, Алладан тілеу.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Үмбеталина З.Б. Қазақ ауыз әдебиетіндегі Бата сөз жанры. Алматы, 2001.
2. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі.
3. Энциклопедия. – Алматы, 2011. – (иллюстрацияланған) I том. А-Д. - 736 бет.
4. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. - Алматы: Ана тілі, 1994.
5. Негимов С., Қазіұлы Т. Ақ бата. – Алматы: Жазушы, 1992. 102 бет;

УДК 903

АРХЕОЛОГИЯ КУЛЬТА: ОГОНЬ В АНДРОНОВСКОЙ КУЛЬТУРНО-ИСТОРИЧЕСКОЙ ОБЩНОСТИ

Кришневская Станислава Станиславовна

stanislava@mail.ru

Ягеллонский университет, студентка магистратуры (2 курс), г. Краков, Польша

В своей книге «История веры и религиозных идей» М. Элиаде писал: «верования и идеи не «откапываются». Неважно, согласны мы с Элиаде или нет, но факт остается фактом, археолог не этнограф и расспросить о своих, зачастую не очень понятных находках, представителей древнего сообщества он не может. Многие философские вопросы о природе верований и их началах, скорее всего так навсегда и останутся без конкретных ответов. Был ли человек с самого